

IV. Халықаралық түркі әлемі зерттеулері симпозиумы
26-28 сәуір 2017 ж. Түркия, Нииде қ.
999-1004 бет, 4 том

Әл – Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті
Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасы
биология оқытушысы - Үсенбекова Айнагүл Ермекбайқызы

Тесттік тапсырмалар жасау және үлгілері

Еліміздің өзекті мәселелердің бірі – ғылым мен техниканы, өндіріс саласын дамыту үшін жоғары білімді, білікті мамандар даярлау қажет екендігі баршаға аян. Көп жылдан бері республикамызда мектеп оқушысының, ЖОО – на түсуші талапкердің, студенттің, мұғалімнің білімін бақылау, тексеру үшін тест тапсырмалары қолданылуда.

Тестология ғылымы ХХ ғ. басында қалыптасты. Шетелдік психологтар оны «психометрика» деп, ал педагогтар «педагогикалық өлшем» деп атайды. Ол қолданылатын саласына байланысты, педагогикалық, психологиялық немесе әлеуметтік болып бөлінеді. Тестология білімді объективті бақылау үшін тест сұрақтарын құрастырумен айналысады. [2].

Тестология ғылымының негізгі мақсаты – тест тазмұны негізінде оқушылардың білімі туралы тиянақты қорытындының көрсеткіші болып табылатын сапалы тест әзірлеу және тиімді пайдалану. Педагогикалық тест дәстүрлі тест тапсырмаларының классикалық түрі болып табылады. [1].

Тест тапсырмаларын құрастыруға көптеген әдістемелік талаптар қойылады:

1. Лексикалық тұрғыдан тапсырма мазмұнының сауаттылығы талап етіледі.
2. Тапсырма ҚР Білім және Ғылым министрлігі бекіткен әр пәннің оқу бағдарламасы сұранысын қанағаттандыруы керек.
3. Тапсырма мазмұны нақты, дәл, қысқа болуы керек.
4. Тапсырманы жауабы (жауаптары) нақты болуы тиіс.
5. Тапсырма сынақталушының білім деңгейін анықтауға арналуы тиіс.
6. Егер, тапсырмада формула, сызба, т.с.с болатын жағдайда дәл, нақты, анық берілуі тиіс.

Тест тапсырмалары құрылымы бойынша төмендегідей түрлерге бөлінеді:

- Бір не бірнеше дұрыс жауапты таңдау тапсырмалары.
- Сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмалары.
- Дұрыс тізбекті анықтауға берілген тапсырмалар.
- Ашық түрдегі тест тапсырмалар. [1].

Зерттеу саласы бойынша тесттің бірнеше түрлері бар:

-Интеллект тесті

-Жалпы үлгерім және жалпы нәтиже тесттері

-Мамандық сәйкестігі мен функционалдық мүмкіндіктерін анықтауға арналған арнайы тесттер

-Психометриялық тұлғалық тесттер, т.б.[4]

Сондай – ақ, гомогенді және гетерогенді тест тапсырмалары арқылы білім сапасы тексеріледі. Гомогенді тесттер арқылы сынақталушыны бір пән бойынша білімін тексеруге негізделіп құрастырылады. Ал, гетерогенді тесттер сынақталушының білімін бірнеше пән бойынша тексеруге мүмкіндік береді.

Білім саласының жалпыға білім беретін мектептерінде жаратылыстану ғылымдары бойынша білім беру елеулі орын алады. Соның бірі – биологиялық білім беру. Отанымыздың жалпыға білім беретін мектептерінде биология пәні 6 сыныптан бастау алып, 11 сыныпта «Жалпы биология» курсымен аяқталады. Онда биология ғылымының ботаника, зоология, адам ағзасы, жалпы биологияның негізгі ұғымдары мен заңдарын қамти отыра білім беріледі. Биология пәнін таңдаған оқушыларға көптеген мамандықтар жол ашады, мысалы: биология, жалпы медицина, агрономия, стоматология, биотехнология, тағам өнеркәсібі, дефектология, т.б. Сондықтан, еліміздің көптеген ЖОО – на түсуші талапкерлерінің биология пәніне қызығушылығы артып отыр, оған тестілеу әдісі енгізілгелі бергі және оған дейінгі көп жылдар дәлел бола алады.

ЖОО –на, ауыл шаруашылығы, биология, медицина мамандықтарына орталықтандырылған тестті немесе емтиханды тапсырып өту үшін орта мектептерде берілетін биологиялық білімді терең меңгеру қажет. Тесттік бақылаудың тиімді жағы пәннің мазмұнын немесе берілген тарауы туралы оқушы білімі деңгейін тез, дәл, нақты анықтау. [5]

Тесттік әдістің өзектілігі оның басқа педагогикалық әдістер алдындағы күдіксіз басымдығы болып табылады. Оның негізгі бес басымдығы:

- 1.Сынға түсушінің дайындық деңгейін объективті бағалауда тесттің жоғары ғылыми негізділігі
- 2.Тесттік әдістердің технологиялылығы
- 3.Өлшеудің дәлдігі
- 4.Тесттің технологияның басқа да қазіргі білім технологиялармен сәйкестігі

Қазіргі кезде бір жауапты тесттермен бірге бірнеше дұрыс жауаптары бар тесттер кеңірек қолданыс табуда. Ондай тесттер мазмұны бір жауапты тесттерге қарағанда қиынырақ және көп, тыңғылықты дайындықты талап етеді.

Тест мазмұнын сұрыптаудағы критерийлер:

- 1.Тест мазмұнының тестілеу мақсатына сай болуы тиіс
- 2.Жалпы білім жүйесіндегі білім тексерудің маңыздылығы
- 3.Мазмұн мен форманың өз ара байланыстылығы
- 4.Тесттік тапсырмалардың мазмұнының дұрыс құрылуы
- 5.Тест мазмұнының пәннің мазмұнын ашуы
- 6.Тест мазмұнының қазіргі ғылым деңгейімен сәйкес болуы
- 7.Мазмұнының жүйелілігі
- 8.Тестілеу мақсаты мазмұнының қиындық деңгейіне сәйкес болуы[3]

Қазақстан Республикасында 2004 ж бері Ұлттық бірыңғай тестілеу жүйесі жұмыс істеуде және бір дұрыс жауапты тесттер қолданылып келді. Осы уақыт аралығында бұл жүйе жақсы нәтижелер көрсеткені баршамызға аян. Енді үстіміздегі жылдан бастап, білім жүйесінде өзгерістер енгізілді, дәлірек айтқанда: 1. ЖОО – ға түсу үшін талапкерлер таңдау пәнімен қоса, оған серіктес пәннен де тесттік сынақтан өтеді. 2.Тесттік сұрақтар бір жауабымен қатар, бірнеше жауапты тесттер де қолданысқа жол ашады. Төменде тесттік тапсырмалардың өсімдіктану, 6 – шы сынып деңгейінде үлгілерін қоса беруді жөн көрдім және дұрыс жауаптар асты сызылып немесе жақшаға алынып көрсетілген:

Бір жауапты тест сұрағы:

1. Гүлді өсімдіктердің ұрықтануы:

- A) Аталық және аналық жасушаларының ыдырауы
- B) Бластомерлердің қосылуы
- C) Ядросыз жасушалардың бірігуі
- D) Барлық аналықтардың пісіп жетілуі
- E) Аталық және аналық жасушалардың қосылуы

2. Тозандану:

- A) Тозанды алысқа тарату
- B) Аталық тозаңның аналық аузына түсуі
- C) Тозанды аса көп өндіру
- D) Гүлді өсімдіктерде кездеспейтін құбылыс
- E) Бактерияларда жиі кездесетін көбеюдің түрі

3. Өздігінен тозандану:

- A) Тозаңның ауаға таралуы
- B) Тозаңның басқа гүлдің аналық аузына түсуі
- C) Аталық тозаңның сол гүлдің аналық аузына түсуі
- D) Тозаңның тозаңқапта шоғырлануы
- E) Табиғата барлық өсімдіктерде кездеспейді

4. Бұршаққап:

- A) Сағағынан үзіліп түскен соң ғана қақырайды
- B) Қос жақтаулы, піскенде төменгі жағынан қақырайды
- C) Дара жарнақтыларда жақсы дамиды
- D) Қырықбуынның жемісі
- E) Плаунның құрғақ жемісінің бірі

5. Жемісі бұршаққын:

- A) Шалқан, шомыр, орамжапырақтың
- B) Бидай мен қарабидайдың
- C) Сұлы мен тарының
- D) Күнбағыс, жүгері, тарының
- E) Жүгері, шие, алма, шырғанақтың

6. Қауашақ жемісті:

- A) Жүгері, шие, алма, шырғанақ
- B) Сұлы мен тары
- C) Меңдуана, сүттіген, шегіргүл
- D) Рауғаш пен бақ-бақ
- E) Қалуен мен мақта

7. Жемісі тұқымша:

- A) Жүгері, жолжелкен, арпа, сұлы
- B) Арпа, тары, сұлы, бүлдірген
- C) Алма, өрік, итмұрын, шырғанақ, бидай, тарғақ
- D) Бақ-бақ, күнбағыс, қалуен, өгейшөп, таусағыз, кекіре
- E) Беде, жержаңғақ, мақта, жиде, тары, самырсын

Бірнеше дұрыс жауапты таңдау тесті:

8. Тамыр бөлімдерінің бірі:

- A) Бөліну аймағы B) Созылу аймағы C) Өсу бөлімі
- D) Жеткізу бөлімі E) Өткізу бөлімі F) Тасымалдау аймағы
- G) Еріту бөлімі H) Сіңіру бөлімі

9. Жемтамырлы өсімдіктер:

- A) Арпа B) Шомыр C) Қызылша D) Тарғақ
- E) Бидай F) Бақ – бақ G) Сәбіз H) Күнбағыс

10. Астық тұқымдасына жатады:

- A) Батат B) Жүгері C) Қарғақөз D) Тарғақ
- E) Шырыш F) Инжугүл G) Тары H) Таушымылдық

11. Тік сабақты өсімдіктер:

- A) Қияр B) Қауын C) Қарбыз D) Бидай
- E) Жүгері F) Шырмауық G) Емен H) Асқабақ

Сәйкестікті анықтауға арналған тест сұрақтары:

12. Жапырақ тақырыбына қатысты сәйкестікті анықтаңыз:

- 1. Жапырақ өңі астында орналасқан

2.Жапырақ өңінде бар

3.Жапырағы қынапты

- A) Алма
- B) Жанаспалы жасушалар (2 –ші сұрақ жауабы)
- C) Бағаналы және борпылдақ ұлпа (1-ші сұрақ жауабы)
- D) Жасымықшалар
- E) Қамыс (3-ші сұрақ жауабы)
- F) Өткізгіш шок

13. Өсімдік тамырына қатысты сәйкестікті анықтаңыз:

1.Тамыр шығу тегі бойынша қанша топқа бөлінеді?

2.Минералды қоректену

3.Тамырдың түрлері

- A) Шашақ тамыр және кіндік тамыр (3-ші сұрақ жауабы)
- B) Негізгі, жанама, қосалқы тамыр (1-ші сұрақ жауабы)
- C) Білеу тамыр және жіңішке тамыр
- D) Бүйір тамыр, қосалқы тамыр және шеткі тамыр
- E) Минералды заттарды сабақ пен жапырақ арқылы сіңіруі
- F) Өсімдіктің тамыр арқылы қажет элементтерді топырақтан сіңіруі (2-ші сұрақ жауабы)

14. Өсімдік сабағына қатысты сәйкестікті анықтаңыз:

1. Сабақтың ең сыртқы қабаты

2. Сабақтың жуандап өсуі

3. Сабақтың қызметі

- A) Тіннің әрқашан жуандауынан. B) Камбий қабатының ұдайы бөлінуінен (2-ші сұрақ жауабы). C) Қабық (1-ші сұрақ жауабы). D) Өсімдік тамырын тіреп тұрушы мүше. E) Өсімдіктің жер асты және жер үсті мүшелерін жалғастырып тұратын тірек (3-ші сұрақ жауабы). F) Тоз, өзек және тін

15. Жанаспалы жасушаға қатысты сәйкестікті анықтаңыз:

1.Жанаспалы жасуша қызметі

2.Жанаспалы жасуша түзе алатын зат

3.Жанаспалы жасуша саңылауы күндіз де, түнде де жабық

- A) Май, нәруыз B) Газ алмастыру (1-ші сұрақ жауабы)
- C) Қыста D) Қант (2-ші сұрақ жауабы) E) Суды және нәруыз мөлшерін реттеу
- F) Күзде(3-ші сұрақ жауабы)

Дұрыс тізбекті анықтауға арналған тест сұрақтары

16. Ұрықтану тақырыбын жүру реті бойынша орналастырыңыз:

- A) Спермидің бірі жұмыртқа жасушасымен қосылып ұрықтанады
- B) Ұрықтану тозаңданудан кейін болады
- C) Тозаң аналық аузына түсіп, гүлтабанға орналасады
- D) Аналық аузына түскен тозаң жатынға жетеді
- E) Тозаң түтікшесінің ұшы тұқым бүршігімен түйіседі
- F) Екінші спермий ең ірі жасушасымен қосылады
- G) Бірінші спермий еріп кетеді
- H) Спермийдің біріншісі гүлтабанмен қосылады

Жауабы - B – D – E – A - F

17. Гүл бүршігінің ішкі құрылысын сыртқы қабыршағына қарай сипатта:

- A) Бастапқы жапырақ B) Бастапқы сабақ C) Сыртқы қабыршақ
- D) Өсу нүктесі E) Гүлшанақ Жауабы - B – D – A – E – C

18. Өсімдік сабағының ішкі құрылысын сыртынан ішіне қарай сипатта:

- A) Өң B) Камбий C) Тоз D) Жасымықша E) Тін
- F) Тұйықтауыш жасуша G) Сүрек H) Өзек

Жауабы - А – С – Е -В- G – Н

Ашық тестер:

19. Үлкен ағашта өң орнын алмастырады:

{ Синонимдер саны } = 1 (тоз)

20. Микроскоп окулярындағы линзасының саны:

{ Синонимдер саны } = 1 (екі)

21. Басты пияздың тамыры:

{ Синонимдер саны } = 2 (шашақ тамыр, қосалқа тамыр)

22. Затты 100 – ден 2000 есе үлкейтеді:

{ Синонимдер саны } = 1 (микроскоп)

Мәтінмен жұмыс:

23. Ол жасушаның сыртын қаптайды. Ол тығыз, ыстық суда да ерімейді. Оның жұқарған жері саңылау деп аталады. Ол жасушаға пішін беріп, ішкі бөлімдерін қорғайды. Мәтін жасушаның қай мүшесін сұрайды?

А) Вакуоль В) Ядро С) Цитоплазма

Д) Қабықша Е) Тері Жауабы - D

24. Ол барлық ұлпалардан бұрын түзіледі. Сабақ пен тамырдың ең ұшында, жапырақ негізінде орналасады. Оның жасушалары ұдайы бөлінеді. Ол басқа ұлпаларды түзеді. Мәтінде өсімдік ұлпасының қай түрі сипатталған?

А) Бөліп шығарушы ұлпа В) Тірек ұлпа С) Өткізгіш ұлпа

Д) Қор жинаушы ұлпа Е) Түзуші ұлпа Жауабы - E

25. Ол ең соңында түзілетін қабат. Оның жасушалары өлі. Ол ағашты өрттен, температураның күрт ауысуынан, зиянды микробтардан қорғайды. Онымен қоса ол күн сәулесінің күйдіруінен де қорғайды. Мәтін ағаш сабағының қай бөлімін сұрайды?

А) Жасымықша В) Камбий С) Сүрек

Д) Өзек Е) Қыртыс Жауабы - D

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.ТЕСТNEWS kz Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал №1.

Алматы, 2015ж

2.Авенесов В.С. Композиция тестовых заданий. Москва «Адепт»1998 г.

3.Авенесов В.С. Международная конференция. Этика в бизнесе и экономике: Проблемы высшего образования. 18 – 19 март 2002 г Алматы.

4.Доминер Л.И. «Технология создания компьютерных тестов» www.mschool1.ucoz.ru/dot/Teorya001.pdf

.Заяц Р.Г и др, Биология. Тесты для поступающих в ВУЗ – ы. Минск «Высшая школа» 2015 г.